CUSTOMER:	**UNIPHARM**	*DESCRIPTION:*	LL-1550-KZ 230301V6.1
SIZE:	160x208 mm	*DATE:*	01.03.2023
PRODUCT:	DETRIMAX ACTIVE DROPS	*PAPER:*	standard papier 60 g

cut | pantone 321 | pantone 186 | cyan | magenta | yellow | black

DETRIMAX® ACTIVE

ДЕТРИМАКС® АКТИВ D3

1 тамшыда 500 ХБ

detrimax.kz

ДЕТРИМАКС® АКТИВ құрамында D_3 дәрумені (холекальциферол) бар, ол - өмірлік маңызды майда еритін дәрумен, адам организмінің барлық ағзалары мен жүйелерінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажет.

D ДӘРУМЕНІ АҒЗАЛАР МЕН ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ МАҢЫЗДЫ РОЛЬ АТҚАРАДЫ:

СҮЙЕК-БҰЛШЫҚ ЕТ ЖҮЙЕСІНДЕ. Фосфор-кальций алмасуын реттеуде қатысады: ішекте кальцийдің сіңуіне көмектеседі, қандағы кальций мен фосфордың қажетті деңгейін қолдайды, сүйек метаболизмін белсендіреді. Сүйектің мықтылығын қамтамасыз етуге және рахиттің, остеомаляцияның (сүйектің жұмсаруы) даму қаупін азайтуға ықпал етеді. D дәрумінінің қалыпты деңгейін қолдау көз келген жаста аса қажет, әсіресе, құлау мен сүйектің сыну қаупі артатын ерде жаста. D дәрумені тісті нығайтады, тістің қатты тінінің негізгі құрушысы - дентинді өндіруді белсендіреді. Организмдегі D дәрумінінің жеткілікті мөлшері тісжегі қаупін төмендетеді. Бұлшық еттің күшін және нерв-бұлшық еттің өткізгіштігін қолдауға ықпал етеді. D дәрумінің тапшылығы бұлшық ет әлсіздігін туындатады, осынның салдарынан D дәрумінің тапшылығына ұшыраған, әсіресе, ерде жастағы адамдар тұрғанда және жүргенде қиындықты сезінеді.

ЭНДОКРИНДІК ЖҮЙЕ. D дәрумені барлық эндокриндік бездердің қызметін реттеуге қатысады. Ол эстроген, прогестерон, тестостерон секілді әйелдер мен ерлердің жыныстық гормондарының түзілуін ынталандырады. Қалқанша без бен қалқансерік бездердің, бүйрек үсті бездерінің қыртысының, сондай-ақ, инсулин бөлетін ұйқыбезінің бета-жасушаларының қалыпты қызметін қолдауға ықпал етеді.

РЕПРОДУКТИВТІК ҚЫЗМЕТ. D дәрумені әйелдер мен ерлердің, оның ішінде, жүктілікті жоспарлайтын немесе бала көтеруде қиындыққа ұшыраған жұптардың репродуктивтік жүйесіне оң әсер етеді. D дәрумінінің деңгейі жеткілікті болатын әйелдерде аналық жасушаның ұрықтануы жиірек кездеседі. D_3 дәрумені тапшылығының болмауы ЭКҰ нәтижесін жақсартуға мүмкіндік береді. D дәрумені эндометрийге оң әсер етеді, жайылып өсу үрдістерінің алдын алады, аналық бездері фолликулдың өндірілуін жақсартады, аналық жасушаның жетілуіне ықпал етеді.

КӨМІРСУ-МАЙ АЛМАСУЫ. D дәрумені көмірсу-май алмасуының жақсаруына ықпал етеді, глюкоза мен инсулиннің алмасына оң әсер етеді, ал D дәрумінінің тапшылығы инсулинге тұрақтылық, глюкозаға төзімділік бұзылуы даму қаупінің факторы. D дәрумені ұйқыбезі бета-жасушаларының инсулин бөлінісін ынталандырады, сондай-ақ, инсулиннің ізашарын белсенді инсулинге айналдыратын бета-жасушалардың қалыптасуына әсер етеді, жасушалардағы инсулин рецепторларының экспрессиясын (айқын әрекетін) ынталандырады. D дәрумені қандағы жалпы холестерин, ұштығырдтер мен төмен тығыздықты липидтердің деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Осы қасиеттеріне сай D дәрумені семіздікті және алмасу бұзылыстарын түзетуде едәуір роль атқарады. Майлардың асқын тотығу үрдістерін тежейді.

ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР ЖҮЙЕСІНДЕ. D дәрумені жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін қолдауда қорғаныс ролін атқарады: тамырлардың ішкі қабатына және бұлшық еттің қабырғасына, сондай-ақ, қан ұюы үрдістеріне оң әсер етеді. Ренин-ангиотензивті жүйенің белсенділігіне оң әсер етеді, артериалдық қысымды реттеуге қатысады, артериалдық тамырлардың шырақтығын реттеуге ықпал етіп, артериалдық қысымның артуының алдын алады.

ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕДЕ. Иммундық қызметтің саулығына, белсендіруге ықпал етеді, туа біткен және жүре пайда болатын иммунитетке оң әсер етеді. Терінің, респираторлық және асқазан-ішек жолдары эпителийінің жасушаларында микробқа қарсы өзіндік заттектердің: каталицидин мен дефензин ақуыздарының түзілуін іске қосады, бұл заттектер вирустарды, бактериялар мен зеңдерді жояды, осыған сай суық тию ауруларының даму қаупін азайтуға ықпал етуі дәлелденген.

D дәрумені аллергиялық процестерді реттеуге қатысады: тыныс демікпесі, аллергиялық ринит және басқа да аллергиялық аурулар кезінде D дәрумені деңгейінің нормадан төмендеуі анықталған; D дәрумінінің тапшылығы аэроаллергендерге IgE-ерекше сенсибилизация тәуекелін арттырады; D дәрумінінің дотациялары инфекциямен байланысты тыныс демікпесінің асқынуын төмендету үшін қолданылуы мүмкін.

ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНДЕ. Жүйке жүйесінің қызметін реттеу үрдістірінде қатысады, танымдық қызметке оң әсер етеді: есте сақтау, назарды шоғырландыру, ақпаратты игеру, жұмысқа қабілет. D дәрумені нейроқорғаныстық әрекет етеді – миды зақымданудан қорғау механизмдеріне маңызды роль атқарады. Ол триптофанның (организмге тағаммен түсетін амин қышқылы) серотонинге - адамның қалыпты танымдық қызметі мен психо-эмоционалдық жағдайы үшін зор мәні бар нейромедиаторға айналуы арқылы көңіл-күйді жақсартуға ықпал етеді. D дәрумені қабыну медиаторларының түзілуін иммундық жасушалардың басуы арқылы ауырсыну сезімталдығына да оң әсер ете алады.

БРОНХЫ-ӨКПЕ ЖҮЙЕСІНДЕ. D дәрумені - қалыпты қызметі үшін қажетті фактор. Ол тыныс алу жолдарының бұлшық етінің қызметін қолдауда, иммундық жасушалардың қызметін және қабынуға сау жауапты реттеуде қатысады. D дәрумені бұл өкпенің тыныс алу қызметін жақсартуға және организмді инфекциялардың кең ауқымынан қорғауға ықпал етеді, туберкулез бен жіті респираторлық инфекцияларды қоса.

ТЕРІДЕ. D дәрумені терідегі алмасу үрдістерін жақсартуға, оның қорғанысқасиеттерін арттыруға және қызметін қалпына келтіру бағдарламаларын іске қосуға ықпал етеді. D дәрумені – терінің қорғаныс қызметі мен коллаген түзілуін төмендетіп, серпімділігін жоятын, құрғақ және салбыраңқы етіп, қабыну өзгерістерінің дамуына бейім ететін фотоқартаюдан қорғаудың факторы.

АС ҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ. D дәрумені асқазан-ішек жолдарының сілемей қабатының гомеостазына (ішкі тұрақтылық) әсер етеді, эпителий қалқаныпын тұтастырын және эпителийдің өң бітіру қабілетін сақтауға ықпал етеді. Иммундық жасушалардың қызметіне әсер етуіне сай D дәрумені ішектегі аутоиммундық қабыну үрдістерін басуға ықпал етеді. D дәрумені асқазан-ішек жолдарының және бауырдың қызметіне оң әсер етеді.

ЖАСУШАЛАРДЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН РЕТТЕУ. D дәрумені шаршауды басуға және организмнің шырақтығын арттыруға ықпал етеді, жасушалардың өзіндік энергетикалық әлеуетін реттейді: D дәрумені әсерінің нәтижесінде жасушалардың митохондрияларында организмде ететін барлық биохимиялық үрдістер үшін өзіндік әмбебап энергия көзі болатын АТФ (аденозинтрифосфат) өндірілуі артады.

ЖАСУШАЛЫҚ ӨСУДІ РЕТТЕУ. D дәрумені жасушалардың өсуіне, дамуына және жаңаруына реттейтін әсер етеді.

D дәрумені ықпал етеді:

- Сүйекті және тістерді нығайтуға
- Бұлшық ет күшін қолдауға
- Сау иммундық қызметті қолдауға
- Иммундық жасушалардың қабынуға қарсы сау жауабын реттеуді қалыптастыруға
- Шаршауды басуға және шырақтықты арттыруға
- Организмнің энергетикалық әлеуетін реттеуге
- Жасушаның қалыпты өмірлік циклін қолдауға
- Танымдық қызметтің дамуына: есте сақтауға, назарды шоғырландыруға, ақпаратты игеруге
- Репродуктивті қызметті қолдауға
- Терідегі алмасу үрдістерін жақсартуға
- Көмірсу-май алмасуын реттеуге.
- Аллергиялық реакцияларды жеңілдетуге ықпал етеді

Құрамы: орташа тізбекті ұшлицеридтер, D_3 дәрумені (холекальциферол).

Қолдану аясы: тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде D дәрумінінің қосымша көзі ретінде келесі жағдайларда ұсынылады: сүйек пен тістерді нығайту, иммунитетті қолдау және суық тию қатерін төмендету, шаршауды басу және шырақтықты арттыру, бұлшық ет күшін қолдау, жұмыс атқару қабілетін арттыруға ықпал ететін: ақпаратты қабылдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру, назарды шоғырландыру, репродуктивті қызметті қолдау. D дәрумінінің тапшылығын толықтыру және қалыпты деңгейін қолдау. D_3 дәрумінін (холекальциферол) ішу арқылы қабылдаған кезде аш ішекте мицеллярлық қосылыстар түзілуі есебінен аш ішектің шеткі бөлігінде толығымен (80% дейін) сіңеді. 4-5 сағаттан кейін тіндерде шоғырлануы жоғары мөлшеріне жетеді, одан кейін сәл азайып, ұзақ уақыт бойы тұрақты деңгейде сақталады.

Қолдану бойынша ұсыныстар: ересектер мен 3 жастан асқан балаларға күніне 1 тамшыдан (500 ХБ), тағамға, сүт немесе басқа сұйықтыққа қосып немесе тікелей ауызға тағам ішу кезінде немесе дәрігер ұсынысы бойынша қабылдау қажет. Қабылдау ұзақтығы 6 ай. Қажет болған жағдайда қайталап қабылдауға болады. Қолдану алдында дәрігермен кеңесу қажет. Жүкті және бала емізетін әйелдер дәрігердің ұсынысы бойынша қабылдауы тиіс.

Ерекше нұсқаулар: D_3 дәрумінінің тәуліктік дозасын дәрігер зертханалық талдау нәтижелеріне байланысты жеке-жеке анықтайды, сондықтан доза нұсқаулықта ұсынылған дозадан ерекшеленуі мүмкін. Дәрігер ұсынған дозаны асырмаған жөн.

Бір тамшысында 500 ХБ холекальциферол бар.

D дәрумінінің ұсынылатын қабылдау мөлшері:			Физиологиялық қажеттілік нормасынан %*
D_3 дәрумені	1 тамшы	500 ХБ	250*

* рұқсат етілген жоғарғы тұтыну деңгейінен аспайды, ТР ТС 022/2011, «Тағам өнімдерінің таңбалануына қатысты».

Тағамдық заттектер	1 тамшысының тағамдық құндылығы (0,05 мл)	1 тамшысындағы ҰТТ % (0,05 мл)	100 мл-дегі тағамдық құндылығы
Энергетикалық құндылығы (кДж/ккал)	1.75 кДж/0.43 ккал		3495.4 кДж/ 850.41 ккал
Ақуыздар	0.00 г	0 %	0.00 г
Көмірсулар	0.00 г	0 %	0.00 г
Майлар	0.05 г	0.06 %	94.47 г

Қарсы көрсетімдері: құрамбөліктерін жеке көтере алмау.

Жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Сақтау шарттары: 15°С-тан 25°С-қа дейінгі температурада, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Шығарылу түрі: құтыдағы майлы ерітінді, көлемі 10 және 30 мл.

Тарату шарттары: дәріханалар жүйесі, сауда жүйесінің арнайы дүкендері, бөлімдері арқылы таратуға арналған.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: "Қазақстан Республикасындағы D дәрумені тапшылығының эпидемиологиясы» зерттеу деректері бойынша қандағы D дәрумінінің төмендетілген концентрациясы орта есеппен Қазақстанның 44 ± 14 жастағы ересек тұрғындарының 91%-да байқалады.

Тағамға биологиялық белсенді қоспа. Дәрінің қатарына жатпайды.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: AM.01.48.01.003.R.000217.10.21

Берілген күні: 11.10.2021

GLUTEN FREE | NON GMO | LACTOSE FREE

Өндіруші: «Мастер Фарм С.А.», 91-203 Лодзь, Версальская көшесі, 8, Польша «Юнифарм Лабораториз Лимитед» үшін, 38/39 Фицвильям Сквер Вест, Дублин 2, D02 NX53, Ирландия / Master Pharm S.A., 91-203 Lodz, Wersalska 8 str, Poland for Unipharm Laboratories Limited, 38/39 Fitzwilliam Square West, Dublin 2, D02 NX53, Ireland.
Қазақстан Республикасында импортер және тұтынушылардың шағымдарын қабылдауға уәкілетті ұйым: «Юнифарм Қазақстан» ЖШС, Қазақстан, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әбіш Кекілбайұлы к-сі, 34-ші үй, 6/02 кеңсе, пошталық индексі 050060, тел.: +7 (727) 308 08 52, +7 (727) 308 08 53, info@unipharm.kz

EAC

UNIPHARM

LL-1550-KZ 230301V6.1